

«БЕКІТЕМІН»

«Ozgerteam» қоғамдық

қорының директоры

_____ М.Жұманбай

«31» қазан 2024 жыл

«Sanaly Orta» ең үздік пікірсайыс клубы ұлттық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаттар мен міндеттер

1.1. Байқаудың мақсаты - пікірсайыс технологиясы таралуының негізгі алаңы болып табылатын пікірсайыс клубтарының дамуына қолдау жасау.

1.2. Байқаудың міндеттері:

- Пікірсайыс клубтары санының артуына ықпал ету;
- Пікірсайыс клубтары жұмыс сапасының жоғарылауын ынталандыру;
- Пікірсайыс клубтары қамтитын қатысушылар санын арттыру;
- Пікірсайыс клубтарының жұмысын формат үйретуден тәрбиелеу бағытына қарай қайта құру;
- Пікірсайыс клубтарының автономдық жұмысына басымдық беру.

2. Қатысушылар

2.1. Әр клуб жеке-жеке өздерінің клубын ұсынады.

2.2. Байқауға меншік нысанынан тәуелсіз барлық орта білім беру мектептерінің пікірсайыс клубтары қатыса алады.

2.3. Өтініш беру кезінде команда мүшелері қазіргі клуб мүшелері болуы керек.

2.4. Өтінімді клуб жетекшісі немесе төрағасы (басшысы) беруі тиіс.

3. Сайыстың кезеңдері

3.1. Бірінші кезең: Онлайн тіркеу (*сілтеме арқылы берілген формаға сәйкес*) 1-14 қараша 2024 жыл.

Мектеп атауы, клуб атауы, жетекшінің аты-жөні, клуб мүшелерінің саны, байланыс ақпараттары және т.б. мәліметтер көрсетілуі тиіс.

3.2. Екінші кезең: Клуб және оның жұмысы туралы бейнеролик (3 минутке дейін) 2024 жылғы 24 қарашаға дейін дайындалып, @ozger.team парақшасына тең авторлық ұсына отыра, reels ретінде Instagram әлеуметтік желісіне жүктелуі тиіс.

Роликте клубтың құрылу тарихы, миссиясы, қатысушылар саны, жетістіктері, әлеуметтік жобаларға қатысу, басқа оқу орындарымен немесе ұйымдармен өзара әрекеттесуі көрсетілгені абзал.

Астана қаласында өтетін Финалға әр аймақтан комиссия шешімімен 1 клуб *(жетекшісі (педагог) мен басшысы (оқушы))* жолдама алады.

Финалға жолдама алған қатысушылар алғаш рет өтетін мектеп пікірсайыс клубтары құрылтайының делегаттары болып табылады.

3.3. Үшінші кезең – Финал. «Ұтысқа тігілген 1 млн. теңгені қандай пайдалы жобаға жаратар едіңіз?» тақырыбында жоба қорғау *(10 минутке дейін)* түрінде 10-15 желтоқсан 2024 жыл аралығында Астана қаласында 2 күн бойы өтеді.

Жоба бейнеролик немесе презентация түрінде болуы қажет.

Финалға клуб жетекшісі (мұғалім) және клуб басшысы (оқушы) қатысады.

4. Байқаудың қорытындысы

Байқаудың жеңімпаздарына комиссия құрамының шешіміне сәйкес (1 орын /біреу/ - 1 000 000 теңге , 2 орын /екеу/ - 500 000 теңге, 3 орын /үшеу/ - 300 000 теңге) дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс етіледі.

«УТВЕРЖДАЮ»

Директор общественного фонда
«Ozgerteam»

_____ Жұманбай М.

31 октября 2024 года

Положение национального конкурса лучших дебатных клубов «Sanaly Orta»

1.1. Цель конкурса — поддержка развития дебатных клубов, которые являются основной площадкой для распространения дебатной технологии.

1.2. Задачи конкурса:

- Содействие увеличению числа дебатных клубов;
- Стимулирование повышения качества работы дебатных клубов;
- Увеличение числа участников, охваченных работой дебатных клубов;
- Перестройка работы дебатных клубов в сторону воспитания от простого обучения дебатым форматам;
- Приоритет автономной работы дебатных клубов.

2. Участники

2.1. Каждый клуб представляет свой клуб индивидуально.

2.2. В конкурсе могут участвовать дебатные клубы всех средних образовательных школ вне зависимости от форм собственности.

2.3. При подаче заявки члены команды должны быть действующими участниками клуба.

2.4. Заявку может подавать руководитель или председатель клуба.

3. Этапы конкурса

3.1. **Первый этап:** Онлайн регистрация (по ссылке на предоставленную форму) проводится с 1 по 14 ноября 2024 года.

Необходимая информация: название школы, название клуба, ФИО руководителя, количество членов клуба, контактные данные и т.д.

3.2. **Второй этап:** До 24 ноября 2024 года необходимо подготовить и опубликовать в социальной сети Instagram в виде reels, с обязательным предоставлением соавторства страничке @ozger.team видеоролик (до 3-х минут) о клубе и его работе.

Видеоролик должен содержать информацию об истории создания клуба, его миссии, количестве участников, достижениях, участии в социальных проектах, взаимодействии с другими учебными заведениями или организациями.

По решению комиссии приглашение для участия в финале, который пройдет в г.Астана, получит по 1 клубу от каждого региона (руководитель (педагог) и председатель (ученик)).

Участники, прошедшие в финал, становятся делегатами Первого съезда школьных дебатных клубов, который пройдет в городе Астана.

3.3. Третий этап: Финал – защита проекта на тему «На какой полезный проект вы бы потратили 1 миллион тенге, выигранный в конкурсе» (до 10 минут) пройдет с 10 по 15 декабря 2024 года в городе Астана в течение 2 дней.

Проект должен быть представлен в виде видеоролика или презентации.

В финале участвуют руководитель клуба (учитель) и председатель клуба (ученик).

4. Итоги конкурса

Победителям конкурса в соответствии с решением состава комиссии (1 место /один/ - 1 000 000 тенге, 2 место /один/ - 500 000 тенге, 3 место /три/ - 300 000 тенге) вручаются дипломы и денежные премии.